«Астана медицина университеті» АҚ
«Қоғамдық денсаулық сақтау» кафедрасы

# Жауапкершілік психологиясы. Қолбасшының әлеуметтік жауапкершілігі.

Орындаған: Еркинбаева А.Е
Қабылдаған: Бердалиева Л.С

# ЖОСПАР

- КІРІСПЕ
  - *ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МЕНЕДЖМЕНТТІ ҒЫЛЫМИ ТҰРҒЫДАН ҚАРАСТЫРУ*
- НЕГІЗГІ БӨЛІМ
  - *ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МЕНЕДЖМЕНТ ӘДІСТЕРІ.*
  - *ЖАУАПКЕРШІЛІК ПСИХОЛОГИЯСЫ.*
  - *МЕНЕДЖМЕНТТІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІГІ*
- ҚОРЫТЫНДЫ
- ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ

# МЕНЕДЖМЕНТ

- ***АЛҒА ҚОЙҒАН МАҚСАТҚА ЖЕТУ ІСКЕРЛІГІ.***
- ***ТҮРЛІ ҰЙЫМДАРДА АДАМДАРДЫҢ БАСҚАРУЫМЕН ОРЫНДАЛАТЫН ІС- ӘРЕКЕТ, ҚЫЗМЕТ.***
- ***ОСЫ ҚЫЗМЕТТІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУҒА КӨМЕКТЕСЕТІН АДАМЗАТ БІЛІМІНІҢ БІР АЙМАҒЫ.***
- ***БАСҚАРУ АРҚЫЛЫ ЖҰМЫСТЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРАТЫН «МЕНЕДЖЕРЛЕР» ЖИЫНЫНАН,ЯҒНИ НАҚТЫ АДАМДАР КАТЕГОРИЯСЫ.***
- ***КӘСІБИ БАСҚАРА АЛАТЫН БАСҚАРМА СУБЪЕКТІСІ.***
- ***ӨЗІНЕ ҒЫЛЫМДЫ, ТӘЖІРИБЕНІ ЖӘНЕ БАСҚАРУ ӨНЕРІН ҚОСА АЛЫП ЖҮРЕТІН БАСҚАРМА ОЙЛАР.***
- ***АДАМНЫҢ ТАЛПЫНЫСЫН ҚАНАҒАТТАНДЫРУҒА КӨМЕКТЕСЕТІН, БАСҚАРУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРАТЫН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҮРДІС.***

- ***МЕНЕДЖМЕНТ* – ЕЖЕЛГІ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЖАҢА ҒЫЛЫМ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. МЕНЕДЖМЕНТ ПСИХОЛОГИЯСЫНЫҢ ЗЕРТТЕУ АЙМАҒЫ – БАСҚАРУ ҮРДІСІН ҰЙМДАСТЫРУ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫН ЖӘНЕ СОЛ ҮРДІС КЕЗІНДЕ ПАЙДА БОЛҒАН АДАМДАР АРАСЫНДАҢЫ ҚАРЫМ ҚАТЫНАСТЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗІН АЙҚЫНДАЙДЫ.**



# МЕНЕДЖМЕНТ ПСИХОЛОГИЯСЫ

- ***МЕНЕДЖМЕНТ ПСИХОЛОГИЯСЫ* – БАСҚАРУШЫЛЫҚ ӘРЕКЕТТІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЛАРҒА ТАЛАУ ЖАСАУ АРҚЫЛЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНІҢ НӘТИЖЕЛІЛІГІН ЖОҒАРЫЛАТУДЫ МАҚСАТ ЕТЕДІ.**
- ***СОНЫМЕН ҚАТАР МЕНЕДЖМЕНТ ПСИХОЛОГИЯСЫ БАСШЫНЫҢ ЖЕКЕЛІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН, ОНЫҢ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ МЕН ҚАБІЛЕТІН, ЖЕКЕЛІК БАСҚАРУ КОНЦЕПЦИСЫН, БАСҚАРУ ЕРЕЖЕЛЕРІНІҢ ПРИНЦИПТЕРІН ҮЙРЕТЕДІ.***
- ***ЕҢБЕК ӘРЕКЕТІНІҢ ПСИХОФИЗИОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ, МӘЛІМЕТТІ ӨҢДЕУДІҢ ПСИХОЛОГИЯҚ ЕРЕКШЕЛІГІ, АДАМНЫҢ БІРІН-БІРІ ҚАБЫЛДАУ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ, ОНДАҒЫ ТҰЛҒА АРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС, ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУДА ПСИХОЛОГИЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ.***

# МЕНЕДЖМЕНТ ПСИХОЛОГИЯСЫНЫҢ ЗАҢДАРЫ

- ***АНЫҚСЫЗДЫҚ ЗАҢДЫЛЫҒЫ;***
- ***ҚАЛЫПСЫЗДЫҚ ЗАҢДЫЛЫҒЫ;***
- ***МӘЛІМЕТТІҢ БҰРМАЛАНУ ЗАҢДЫЛЫҒЫ;***
- ***ӨЗІН-ӨЗІ САҚТАУ ЗАҢДЫЛЫҒЫ;***
- ***КОМПЕНСАЦИЯ ЗАҢДЫЛЫҒЫ;***

# Анықсыздық заңдылығы

- Сыртқы әрекеттердің ішкі психологиялық жағдайларға тәуелділігі.

Мысалы: Басшы бұйрық береді де оның орындалуына үмңттенеді. Егер берілген тапсырма қате немесе орындалмаған болса, жетекші бағынушылардан себебін талап етеді, сол уақытта ситуацияны талдайды.

# Қалыпсыздық заңдылығы

- Өзара қабылдауда адам өзге адам орнына шешім қабылдау үшін сол адамның деңгейінде толығу қажет.

Бұл заңның мәні адам өзіне-өзі баға беру кезіндегі өзгелерге баға бергендей ішкі кедергілерге кездеседі. Көп жағдайда баға беруі адекватты болады. Ол бірде тым жоғары немесе тым төмен болады.

## МӘЛІМЕТТІҢ БҰРМАЛАНУ ЗАҢЫ

- БАСҚАРУШЫЛЫҚ МӘЛІМЕТТІҢ МӘНІНІҢ ЖОҒАЛУЫ. ОНЫҢ МӘНІ БАСҚАРУШЫЛЫҚ «ЖОҒАРЫДАН ТӨМЕН» ҚАРАЙ ҚОЗҒАЛЫСЫНДА ӨЗГЕРІСКЕ ЕНУІНДЕ. ҰСЫНЫЛАТЫН ЕРЕЖЕЛЕР:

1. ҚАТЫСУШЫЛАР БУЫНЫН ҚЫСҚАРТУ
2. ӨЗ УАҚЫТЫНДА ЖҰМЫСШЫЛАРДЫ ӨЗДЕРІ ШЕШЕТІН МІНДЕТТЕРДІ ТОЛЫҚ ХАБАРЛАП ОТЫРУ
3. ЖҰМЫСШЫЛАРДЫҢ ДҰРЫС МЕҢГЕРІЛУІН ҚАДАҒАЛАУ ҮШІН КЕРІ БАЙЛАНЫСТЫ ОРНАТУ

## ӨЗІН-ӨЗІ САҚТАУ ЗАҢДЫЛЫҒЫ

- АДАМНЫҢ МІНЕЗ ҚҰЛҚЫН АЙҚЫНДАЙТЫН НЕГІЗГІ МОТИВТЕРДІҢ БІРІ ТҰЛҒАЛЫҚ НӘТИЖЕСІН САҚТАУ

## КОМПЕНСАЦИЯ ЗАҢДЫЛЫҒЫ;

- ЖАЛПЫ АЛҒАНДА АДАМ ӨМІРЛІК ӘРЕКЕТІНІҢ БЕЛГІЛІ БІР САЛАСЫНДА ҚИЫНДЫҚ, ПРОБЛЕМА, ЖЕТІМСІЗДІК КӨРСЕ, ӨЗГЕ АЙМАҚТА БАР КҮШІН САЛЫП, САНАЛЫ ДА САНАСЫЗ ДА ӘРЕКЕТ ЕТЕДІ. БАСҚАРУ ПСИХОЛОГИЯСЫНДА ОЛ БЕЛГІЛІ ЖҰМЫСТЫ ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙДЕ ҚАБІЛЕТТЕРІН ТОЛЫҚТЫРЫП ОТЫРАДЫ.

# ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МЕНЕДЖМЕНТ ӘДІСТЕРІ.

- ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МЕНЕДЖМЕНТ ҒЫЛЫМ РЕТІНДЕ НЕГІЗГІСІ ***БАҚЫЛАУ*** МЕН ***ЭКСПЕРИМЕНТ*** БОЛЫП ТАБЫЛАТЫН ӘРҚИЛЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРГЕ СҮЙЕНЕДІ.

- ***АҚПАРАТТЫ ЖИНАУ ӘДІСІ РЕТІНДЕ БАҚЫЛАУ*** ӘРҚИЛЫ ЖАҒДАЙЛАРДА ҚОЛДАНЫЛАДЫ. БІРІНШІДЕН, ЖОСПАРЛАНҒАН ЗЕРТТЕУДІҢ БАҒЫТЫН НАҚТЫЛАУ ҮШІН АЛДЫН АЛА МӘЛІМЕТ ЖИНАУДА. ОСЫНДАЙ МАҚСАТПЕН ҚОЛДАНЫЛАТЫН БАҚЫЛАУ ЗЕРТТЕЛІНЕТІН ҚҰБЫЛЫСҚА ДЕГЕН КӨРІНІСТІҢ АУҚЫМЫН КЕҢЕЙТЕДІ, МАҢЫЗДЫ ЖАҒДАЙЛАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛЕНУІНЕ, «ӘРЕКЕТ ЕТУШІ» АДАМДАРДЫҢ АНЫҚТАЛУЫНА ЫҚПАЛ ЕТЕДІ. ЕКІНШІДЕН, БАҚЫЛАУ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АҚПАРАТТЫ АЛУДЫҢ БАСҚА АМАЛДАРЫ БОЛМАҒАН ЖАҒДАЙЛАРДА ҚОЛДАНЫЛАДЫ.

- ***ЭКСПЕРИМЕНТ*** АҚПАРАТТЫ ЖИНАУДЫҢ ЕРЕКШЕ ӘРІ ҚИЫН МЕҢГЕРІЛЕТІН ӘДІСТЕРІНІҢ БІРІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. ЭКСПЕРИМЕНТТІҢ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫ БАСҚА ӘДІСТЕРДІҢ КӨМЕГІМЕН АЛЫНБАЙТЫН МҮЛДЕМ АЙРЫҚША АҚПАРАТҚА ҚОЛ ЖЕТКІЗГЕ МҮМКІНДІК БЕРЕДІ. МӘСЕЛЕН, ӨНДІРІСТЕГІ ӨНІМДІЛІКТІ АРТТЫРУ МАҚСАТЫНДА МОРАЛЬДЫ ЖӘНЕ МАТЕРИАЛДЫ ЫНТАЛАНДЫРУДЫҢ ЖАҢА ФОРМАЛАРЫН ҚОЛДАНУ ШЕШІМІ ҚАБЫЛДАНДЫ.

# БАҚЫЛАУДА БЕЙНЕЛЕНУІ ТИІС МАҢЫЗДЫ ЭЛЕМЕНТТЕРДІҢ ЫҚТИМАЛДЫ ТІЗІМІ БАР:

- **БАҚЫЛАНУШЫЛАР** – ЖАҒДАЙЛАРҒА ҚАТЫСАТЫН АДАМДАРДЫҢ САНЫ, ТОПТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ, ОНДАҒЫ ӨЗАРА ҚАТЫНАСТАРДЫҢ СИПАТЫ, ЖАҒДАЙҒА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ АРАСЫНДА РӨЛДЕРДІҢ ҮЛЕСТІРІЛУІ;
- **ЖАҒДАЙ** – БАҚЫЛАНҒАН ЖАҒДАЙДЫҢ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ ЖӘНЕ ЗАТТАРДАН ҚҰРАЛҒАН ОРТАНЫҢ ІС-ӘРЕКЕТКЕ ДЕГЕН ЫҚПАЛЫ;
- **ТОП ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ МАҚСАТЫ** – БАҚЫЛАНҒАН ЖАҒДАЙДЫҢ КЕЗДЕСОҚТЫҒЫ НЕМЕСЕ ЗАҢДЫЛЫҒЫ, ТОПТЫҢ ЖИНАЛУЫНА ЫҚПАЛ ЕТКЕН НАҚТЫ РЕСМИ НЕМЕСЕ БИРЕСМИ МАҚСАТТАРДЫҢ БАР ЖОҚТЫҒЫ, ЖАҒДАЙҒА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ӘРТҮРЛІ МАҚСАТТАРЫНЫҢ ҮЙЛЕСІМДІГІ НЕМЕСЕ ҚАРАМА-ҚАЙШЫЛЫҒЫ;
- **ӘЛЕУМЕТТІК МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ** – БАҚЫЛАНҒАН ТОП ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ СИПАТЫ, ІС-ӘРЕКЕТ СТИМУЛДАРЫ, ІС-ӘРЕКЕТТІҢ КІМГЕ (НЕГЕ) БАҒЫТТАЛҒАНДЫҒЫ, ТОПТАҒЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АХУАЛ, СОЛ ОРЫНҒА ТӘН ӘЛЕУМЕТТІК МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ, БАҚЫЛАНҒАН ТОП МҮШЕЛЕРІНІҢ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТАРЫНДАҒЫ ЫҚТИМАЛДЫ АУЫТҚУЛАР;
- **БАҚЫЛАУ ЖИІЛІГІ МЕН ҰЗАҚТЫҒЫ** –ЖАҒДАЙДЫ БАҚЫЛАУ УАҚЫТЫ, ҰЗАҚТЫҒЫ ЖӘНЕ ҚАЙТАЛАНУШЫЛЫҒЫ, ОНЫҢ БІРЕГЕЙЛІГІ.

## БАҚЫЛАУШЫНЫҢ ОРНЫНА ЖӘНЕ БАҚЫЛАУДЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫНА ҚАРАЙ, СОНДАЙ-АҚ БАСҚА ДА ФАКТОРЛАР БОЙЫНША ОЛ БІРНЕШЕ ТҮРГЕ БӨЛІНЕДІ:

- ҚҰРЫЛЫМЫНА ҚАРАЙ ҚҰРЫЛЫМЫ БАР ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫМЫ ЖОҚ БАҚЫЛАУ БОЛАДЫ.
- БАҚЫЛУШЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛІНГЕН ЖАҒДАЙҒА ҚАТЫСУ ДӘРЕЖЕСІНЕ ҚАРАЙ ЕНГЕН ЖӘНЕ ЕНБЕГЕН БАҚЫЛАУДЫ ӨЗ ЕТУГЕ БОЛАДЫ.
- БАҚЫЛАУДЫ ЖҮРГІЗУ ОРНЫНА ЖӘНЕ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ОНЫ ДАЛАЛЫҚ ЖӘНЕ ЛАБОРАТОРИЯЛЫҚ ДЕП ЕКІГЕ БӨЛЕДІ.
- БАҚЫЛАУДЫ ЖҮРГІЗУ РЕТІНЕ ҚАРАЙ ЖҮЙЕЛІ ЖӘНЕ ЖҮЙЕСІ ЖОҚ ДЕП ЕКІГЕ БӨЛЕДІ.

- ЭКСПЕРИМЕНТТІҢ СӘТТІ ӨТУІ КӨБІНДЕ СӘЙКЕС ЖАҒДАЙЛАРДЫ ҚҰРАСТЫРУҒА БАЙЛАНЫСТЫ БОЛАДЫ. ОНДА ҮШ МЕЗЕТ ЕСКЕРІЛЕДІ. БІРІНШІДЕН, БАҚЫЛАУ СИПАТТАМАЛАРЫ РЕТІНДЕ ЗЕРТТЕЛІНГЕН ПРОБЛЕМАНЫҢ ТҰРҒЫСЫНДА ЕҢ МАҢЫЗДЫ СИПАТТАМАЛАР ІРІКТЕЛІНЕДІ. ЕКІНШІДЕН, БАЙҚАУ СИПАТТАМАЛАРЫНЫҢ ӨЗГЕРУІ ЗЕРТТЕУШІМЕН ЕНГІЗІЛІП, ӨЗГЕРТІЛЕТІН ЭКСПЕРИМЕНТТІ ТОПТЫҢ СИПАТТАМАЛАРЫНА ТӘУЕЛДІ БОЛУЫ ТИІС. ОНДАЙ СИПАТТАМАЛАР **ФАКТОРЛЫ** (МӘСЕЛЕН, МАҚҰЛДАУДЫҢ ЖАҢА ТҮРЛЕРІНІҢ ЕНГІЗІЛУІ) ДЕП АТАЛАДЫ. ЭКСПЕРИМЕНТКЕ ҚАТЫСПАЙТЫН СИПАТТАМАЛАР **БЕЙТАРАП** (МӘСЕЛЕН, ҚЫЗМЕТТІҢ АУЫСЫМДЫЛЫҒЫ, ЖЫЛ МЕРЗІМІ ЖӘНЕ Т.С.С.) ДЕП АТАЛАДЫ. ОЛАРДЫҢ ЭКСПЕРИМЕНТ БАРЫСЫНДАҒЫ ТАҒДЫРЫ ӘРҚИЛЫ БОЛУЫ МҮМКІН. БІР ЖАҒДАЙДА ОЛАР СЫРТҚЫ ЫҚПАЛСЫЗ ӨЗДІГІНЕН ӨЗГЕРУІ МҮМКІН (ОНДАЙ ЖАҒДАЙДА ОЛАР **ӨЗГЕРГІШТІК** ДЕГЕН АТАУҒА ИЕ БОЛАДЫ), БАСҚА БІР ЖАҒДАЙДА — ӨЗГЕРМЕУІ МҮМКІН (ОНДАЙ ЖАҒДАЙДА ОЛАР **ТҰРАҚТЫ** ДЕГЕН АТАУҒА ИЕ БОЛАДЫ). ҮШІНШІДЕН, ЭКСПЕРИМЕНТТІ ЖАҒДАЙҒА ЖАТПАЙТЫН, АЛАЙДА ОЛАРДЫҢ ЖАЙЫН ӨЗГЕРТЕ АЛМАЙТЫН ҚҰБЫЛЫСТАР ЭКСПЕРИМЕНТТІҢ БАРЫСЫНА ӘСЕР ЕТПЕУІ ТИІС.

# ПСИХОЛОГТАР ЭКСПЕРИМЕНТТІҢ ДАЯРЛАНУЫ МЕН ЖҮРГІЗІЛУІ БІРҚАТАР МӘСЕЛЕЛЕРДІҢ РЕТПЕН ШЕШІЛУІН БОЛЖАЙТЫНЫН АЙТАДЫ:

- 1) ЭКСПЕРИМЕНТТІҢ МАҚСАТЫН АНЫҚТАУ;
- 2) ЭКСПЕРИМЕНТТІ (СОНДАЙ-АҚ БАЙҚАУ) ТОБЫ РЕТІНДЕ ОБЬЕКТІНІ (ОБЬЕКТІЛЕРДІ) ІРІКТЕУ;
- 3) ЭКСПЕРИМЕНТТІҢ ПӘНІН НАҚТЫЛАУ;
- 4) БАЙҚАУ, ФАКТОРЛЫ ЖӘНЕ БЕЙТАРАП БЕЛГІЛЕРДІ ІРІКТЕУ;
- 5) ЭКСПЕРИМЕНТТІҢ ШАРТТАРЫН АНЫҚТАУ ЖӘНЕ- ЭКСПЕРИМЕНТТІҢ ЖАҒДАЙДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ;
- 6) ЖОРАМАЛАРДАРДЫ ҚҰРАСТЫРУ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРДІ АНЫҚТАУ;
- 7) ЭКСПЕРИМЕНТТІҢ БАРЫСЫН БАЙҚАУ ТӘСІЛДЕРІ МЕН ИНДИКАТОРЛАРЫН ІРІКТЕУ;
- 8) НӘТИЖЕЛЕРДІ ТІРКЕУ ӘДІСІН АНЫҚТАУ;
- 9) ЭКСПЕРИМЕНТТІҢ ТИІМДІЛІГІН ТЕКСЕРУ.
- ЭКСПЕРИМЕНТТІҢ ҒЫЛЫМИ ЖОРАМАЛДАРДЫ ТЕКСЕРУ ӘДІСІ РЕТІНДЕ ҚОЛДАНЫЛУЫ МЕНЕДЖМЕНТТЕГІ ЗЕРТТЕУЛЕРДІ БЕДЕЛІН КӨТЕРЕДІ, БАСШЫНЫҢ БАСҚАРУ МҮМКІНДІТЕРІН КЕҢЕЙТЕДІ.

# ЖАУАПКЕРШІЛІК ПСИХОЛОГИЯСЫ.

- **ЖАУАПКЕРШІЛІК** — адам бойындағы белгілі бір істі , өзіне тапсырылған міндетті орындап, жүзеге асыруынан байқалатын адамгершілік қасиет; тұлғаның қоғамда немесе ұжымда қабылданған әлеуметтік, өнегелі және құқықтық нормалар мен ережелеріне, борыш сезіміне сәйкес өз қызметін бақылау қабілеттілігі. Өсіп келе жатқан адамда жауапкершілікті тәрбиелеу - қазіргі заман өзекті мақсаты.
- Адамның қоғам алдындағы азаматтық борышын атқарумен бірге, өзіне жүктелген жауапкершілікті орындап шығуы оның кісілік беделін қалыптастырып, іскерлігін шыңдайды. Әр адам ерік-жігеріне, қайраты мен табандылығына қарай жауапкершілікті әрқалай сезінеді. Жүктелген міндетіне жауапкершілікпен қарайтын адам туған-туыстары, жора-жолдастары, ұжымдағы қызметтестері, жалпы әлеумет алдында жоғары бағаланып, оған жауапты да күрделі істерді атқаруға сенім артады. Адамның мақсатына жетуі, ісінің сәтті болуы, көбінесе, оның жауапкершілікті сезінуіне тікелей байланысты болып келеді

# ӘЛЕУМЕТТІК БАСҚАРУДЫҢ БАСТЫ КОМПОНЕНТТЕРІ ҰЙЫМ МҮШЕЛЕРІ РЕТІНДЕГІ АДАМДАР, НЕ ЖАҚСЫ ҰЙЫМДАСҚАН БӨЛІМДЕР.

**ӘЛЕУМЕТТІК БАСҚАРУДЫҢ КАТЕГОРИЯСЫ:**

***ҰЙЫМДАСТЫРУ*** – БІРІККЕН КЫЗМЕТТІ РЕТТЕУ ҮШІН ЖӘНЕ ЖАЛПЫ МАҚСАТҚА ЖЕТУ ҮШІН БАСҚАРУ СУБЬЕКТІСІМЕН САНАЛЫ ҮЙЛЕСТІРІЛГЕН ҚЫЗМЕТ РЕТІНДЕГІ ТОП АДАМДАРДЫҢ БІРІГУ ФОРМАСЫ.

***БАСҚАРУДЫҢ СУБЬЕКТІСІ*** –БЕЛГІЛЕНГЕН БАСҚАРУ ОБЬЕКТІСІНЕ БАҒЫТТАЛҒАН, БАСҚАРУ БЕЛСЕНДІЛІГІНІҢ КӨЗҢ, ПӘНДІК ТӘЖІРИБЕЛІКТІҢ ИЕСІ. ОЛ БӨЛЕК ИНДИВИД НЕМЕСЕ ӘЛЕУМЕТТІК ТОП БОЛУЫ МҮМКІН.

***БАСҚАРУДЫҢ ОБЬЕКТІСІ*** – ТОП МҮШЕЛЕРДІҢ БІР-БІРІМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ,ШЫҒАРЫЛАТЫН ӨНІМ ЖАТАДЫ.

# ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ


1) Бердалиев К.Б., Өмірзақов С.Ы., Есенғазиев Б.К., Ерғалиев Қ. Р. Басқару негіздері. (Оқу құралы)- А., Экономика. 1997.
2) Психология управления. Курс лекций. /Л.К.Аверченко., Г.М. Залесов., Р.И.Мокшанцев., В.М.Николаенко. Отв.ред. М.В. Удальцова. – Новосибирск., Изд-во НГАЭиУ: М:ИНФРА-М., 1999.
3) Прокофьева Ж.В. Менеджмент. М., Изд-во «Знание»- 2000.
4) Ахметов К.Б. Менеджмент. А., 1997.
5) Практическая психология. Под.ред. М.К.Тутушкиной. Санкт-Петербург. Изд-во «Дидактика плюс»- 2000.